

"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жер қойнауын пайдалану саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 214 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 31 тамыздағы № 281 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 16 қыркүйекте № 24384 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жер қойнауын пайдалану саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 214 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20776 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары;"

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Көмірсутектер мен уранды өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды жасасу (қол қою)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Көмірсутектер мен уранды өндіру бойынша жер қойнауын

пайдалануға арналған келісімшарттарға қосымша келісімдерді жасасу (қол қою)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

М. Мирзагалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2021 жылғы 31 тамыздағы
№ 281 бұйрыққа
1- қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2020 жылғы 29 мамырдағы
№ 214 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар.

3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

4) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздерді, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі – Стандарт) келтірілген.

Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы осы Қағидалардың Стандартының 8-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтініш жібереді.

Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға рұқсат беруге арналған өтініш осы Қағидалардың Стандартының 8-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес толтырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды қосымша эмиссия (шығарылым) шеңберінде орналастырған жағдайда ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға рұқсат беруге арналған өтінішті эмитент осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес береді.

Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруды осы акциялардың немесе басқа да бағалы қағаздардың ұстаушысы жүргізгенде – өтінішті осындай ұстаушы береді.

5. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодекстің (бұдан әрі - Кодекс) 45-бабының 5-тармағына сәйкес өтінішке қоса берілетін осы Қағидалардың Стандартының 8-тармағында көрсетілген барлық құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Егер өтінішті шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға беретін болса, мұндай құжаттар дұрыстығын нотариус куәландырған әрбір құжатқа мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасының электрондық көшірмесі міндетті түрде қоса беріле отырып, өзге тілде де жасалуы мүмкін.

6. Өтініш түскен күні көрсетілетін қызметті беруші оны қабылдауды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына қайта жіберуді жүзеге асырады.

7. "Электрондық үкімет" веб-порталында өтінішті нөмірлеу және өтінішті беру кезінде көрсетілетін қызметті алушы көрсеткен электрондық поштасының мекенжайына жіберілетін өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама құжаттар топтамасының қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы өтініш тіркелген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаса, көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәжді бас тарту жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде оларды жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының (бұдан әрі – сараптама комиссиясы) қарауына шығарады.

Сараптама комиссиясы жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына рұқсат беруге өтініштерді қарау кезінде ұсынымдар әзірлеу мақсатында көрсетілетін қызметті берушінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

9. Егер жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына рұқсат беруге арналған өтініш стратегиялық жер қойнауы учаскесі болып табылатын жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығына қатысты берілсе не егер тиісті жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің болжалды ауысуы ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қозғайтын болса, көрсетілетін қызметті беруші осындай өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оны ұлттық қауіпсіздік органдарына жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуын ұлттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау үшін жібереді.

Егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің

ауысуы ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қозғайтын болса, ұлттық қауіпсіздік органдары бұл туралы көрсетілетін қызметті берушіні өтінішті алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабардар етеді. Бұл жағдайда көрсетілетін қызметті беруші ұлттық қауіпсіздік органдарынан жер қойнауын пайдалану құқығы (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер ауысуының ұлттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы растауды алғанға дейін өтінішті қарауды тоқтата тұрады. Көрсетілетін қызметті беруші ұлттық қауіпсіздік органдарынан хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш иесіне осындай тоқтата тұру туралы хабарлайды.

Көрсетілетін қызметті беруші ұлттық қауіпсіздік органдарынан растауды алғаннан кейін өтінішті қарауды қайта бастайды.

10. Сараптама комиссиясы осы Қағидалардың Стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттарды 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, ал ірі кен орындары мен стратегиялық жер қойнауы учаскелері бойынша 40 (қырық) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Кодекстің 45-бабының 6-тармағына сәйкес өтінішті жан-жақты және толық қарау мақсатында көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан ұсынымдар әзірлеу үшін қажетті қосымша мәліметтерді және (немесе) құжаттарды сұратуға құқылы.

Қосымша мәліметтер және (немесе) құжаттар сұратылған жағдайда, тиісті өтінішті қарау мерзімдері осындай мәліметтер және (немесе) құжаттар ұсынылғанға дейінгі кезеңге тоқтатыла тұрады.

11. Көрсетілетін қызметті беруші жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының ұсынымын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш бойынша оң шешім шығарады.

Осы Қағидалардың Стандартының 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдаудың өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін жібереді.

Тыңдау рәсімі ҚР ҚР ӘРПК-ның 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мынадай шешімдер қабылдайды:

1) жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына рұқсат береді;

2) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға рұқсат береді;

3) Стандартының 9-тармағында көрсетілген жағдайларда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды береді

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

12. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушының әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы көрсетілетін қызметті алушыға белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға;

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес: мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды тұлға шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден

бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш иесіне ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Шағым ҚР ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

13. Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы шағымды қарайтын басқа органға немесе ҚР ӘРПК 100-бабының 6-тармағына сәйкес сотқа жүгінеді.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Жер қойнауын пайдалану
құқығының және (немесе)
жер қойнауын пайдалану
құқығымен байланысты
объектілердің ауысуы"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидаларына
I-қосымша
Нысан

"Жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі.
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (кол жеткізу арналары)	Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (толық автоматтандырылған) электрондық түрде жүзеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	20 (жиырма) жұмыс күні ішінде, ал Кодекске сәйкес анықталған ірі кен орындары мен стратегиялық жер қойнауы учаскелері бойынша – өтініш пен оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап 60 (алпыс) жұмыс күні ішінде.
4.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған).
5.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі	Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына рұқсат беру. Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға рұқсат беру. Мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту.

<p>6. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыға тегін көрсетіледі.</p>
<p>7. Жұмыс графигі</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс графигіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін. 2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
	<p>Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың нотариус куәландырған электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, "электрондық үкімет" веб-порталында өтінішті толтырады: Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына рұқсат беруге арналған өтініш осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес толтырылады. Өтінішке мынадай мәліметтер мен құжаттар қоса беріледі:</p> <p>1) жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алу ниеті бар тұлға (ұйым) туралы мәліметтер: жеке тұлғалар үшін – сатып алушының тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жерін, азаматтығын, жеке басын куәландыратын құжаттары туралы мәліметтерді;</p> <p>занды тұлғалар үшін – сатып алушының атауын, оның орналасқан жерін, оның мемлекеттік тиесілігін көрсетуді, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді, басшылары және олардың өкілеттіктері туралы мәліметтерді, өтініш иесі қабылдайтын шешімдерді тікелей немесе жанама түрде айқындауға мүмкіндігі бар тұлғалар, ұйымдар және мемлекеттер туралы мәліметтерді;</p> <p>2) сатып алынатын жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді көрсету;</p> <p>3) жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысу негіздемесі;</p> <p>4) көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру, уран өндіру бойынша операцияларды жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес) сатып алуға ниеті бар тұлғаның қаржылық және техникалық мүмкіндіктері туралы мәліметтер;</p> <p>мұндай жер қойнауын пайдалану құқығын беру кезінде ұсынылатын "</p>

8. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) талаптарына оның сәйкестігін растайтын құжаттар (жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер ауысқан жағдайда талап етілмейді);

5) өтініш берушінің өтініште және оған қоса берілетін құжаттарда көрсетілген ол туралы барлық мәліметтердің дұрыс болып табылатындығы туралы растауы;

6) өтінішке қол қойған тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке басын куәландыратын құжаты туралы мәліметтер.

Мемлекеттің басым құқығы туралы Кодекстің ережелері қолданылған жағдайда, 1) – 6) тармақшаларда көзделген мәліметтерден басқа, рұқсат беру туралы өтініште жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы жөніндегі мәміленің бағасы туралы және оны төлеу тәртібі туралы мәліметтер қосымша қамтылуға тиіс.

Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға рұқсат беруге өтініш осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес толтырылады, онда:

1) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акциялары немесе басқа да бағалы қағаздары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға жататын эмитент-ұйымның толық атауы;

2) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға жататын, өзімен байланысты акциялардың немесе басқа да бағалы қағаздардың соған қатысы бар жер қойнауы учаскесі көрсетіледі;

3) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акциялары немесе басқа да бағалы қағаздары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға жататын эмитент-ұйымның жарғылық капиталының мөлшері туралы мәліметтер ;

4) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында шығаруға жататын бағалы қағаздар, оның ішінде ұйымның туынды бағалы қағаздары, олардың базалық активтері немесе үлестік қатысудың басқа да нысандары туралы мәліметтер (түрі мен жалпы саны);

5) андеррайтер туралы мәліметтер (болған жағдайда);

6) листинг жүзеге асырылатын ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы туралы мәліметтер ;

7) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға жататын акциялардың немесе басқа да бағалы қағаздардың саны туралы мәліметтер;

8) өтініш иесінің өтініште және оған қоса берілетін құжаттарда өзі туралы көрсетілген барлық мәліметтердің анық екендігі туралы ж а з б а ш а р а с т а у ы ;

9) өтініш берушінің атынан өтінішке қол қойған тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке басын куәландыратын құжаты туралы мәліметтер қоса б е р і л е д і .

Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды

		<p>ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға рұқсат беру туралы өтінішті олар қосымша эмиссия (шығару) шеңберінде орналастырылған жағдайда эмитент береді. Ал ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруды осы акциялардың немесе басқа да бағалы қағаздардың ұстаушысы жүргізгенде өтінішті осындай ұстаушы береді.</p>
9.	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>Кодекстің 45-бабының 10-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мынадай жағдайларда:</p> <p>1) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың сақталмауына, оның ішінде жер қойнауын пайдалану құқықтарының шоғырлануына алып келсе;</p> <p>2) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде құқықтардың шоғырлануына алып келсе;</p> <p>3) егер рұқсат беру туралы өтініш Кодекс талаптарына сәйкес келмесе;</p> <p>4) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына Кодексте тыйым салынған болса;</p> <p>5) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы қолданылған әкімшілік жазаға сәйкес жер қойнауын пайдаланушыға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды немесе жекелеген жұмыс түрлерін жүргізуге тыйым салынған жер қойнауы учаскесі бойынша жүзеге асырылатын болса;</p> <p>6) мемлекет басым құқығын іске асыратын болса;</p> <p>7) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық келісімдердің ережелеріне сәйкес келмейтін болса, рұқсат беруден бас тартады</p>
10.	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілген мемлекеттік қызмет ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының анықтама қызметінен алуға мүмкіндігі бар: 1414.</p>

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Жер қойнауын пайдалану
құқығының және (немесе)
жер қойнауын пайдалану
құқығымен байланысты
объектілердің ауысуы"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына рұқсат беру туралы өтініш

_____ рұқсат беруді сұраймын.

1. Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді

сатып алу ниеті бар тұлға (ұйым) туралы мәліметтер:

Жеке тұлғалар үшін: _____;

(сатып алушының тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын

құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жерін, азаматтығын, жеке басын куәландыратын құжаттары туралы мәліметтерді).

Заңды тұлғалар үшін: _____;

(сатып алушының атауын, оның орналасқан жерін, оның мемлекеттік тиесілігін, заңды

тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді, басшылары және олардың өкілеттіктері туралы мәліметтерді, өтініш иесі қабылдайтын шешімдерді тікелей немесе жанама түрде айқындауға мүмкіндігі бар тұлғалар, ұйымдар және мемлекеттер

туралы мәліметтерді көрсету).

2. Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің сатып

алынатын құқығын көрсету: _____;

3. Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысу

негіздемесі: _____;

(Мәміле бағасы туралы және оны төлеу тәртібі туралы мәліметтерді көрсету)

4. Көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру, уран өндіру бойынша операцияларды

жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) сатып алуға ниеті бар тұлғаның қаржылық және техникалық мүмкіндіктері туралы мәліметтер: _____;

мұндай жер қойнауын пайдалану құқығын беру кезінде ұсынылатын Кодекстің талаптарына оның сәйкестігін растайтын құжаттар (жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер ауысқан жағдайда талап етілмейді).

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Өтініште және өтінішке қоса берілетін құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дұрыс екенін растаймын.

Өтініш беруші _____ (өтініш иесінің атынан өтінішке қол қойған тұлғаның

тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе),

жеке басын куәландыратын құжаты туралы мәліметтер)

Ескертпе: өтініш және оған қоса берілетін құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде

жасалады.

Өтінішке қоса берілетін барлық құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалуға

тиіс. Егер өтінішті шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға берсе, оған қоса берілетін құжаттар "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан

Республикасы Кодексінің 45-бабының 5-тармағына сәйкес әрбір құжатқа дұрыстығын

нотариус куәландырған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасы міндетті түрде

қоса беріле отырып, өзге тілде жасалуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Жер қойнауын пайдалану
құқығының және (немесе)
жер қойнауын пайдалану
құқығымен байланысты
объектілердің ауысуы"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидаларына
3-қосымша
Нысан

(көрсетілетін қызметті
берушінің толық атауы)

Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға арналған рұқсат беру туралы өтініш

_____ рұқсат беруді сұраймын.

(Қосымша эмиссия (шығарылым) шеңберінде орналастыруға өтінішті эмитент береді,

ал ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруды осы акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды ұстаушы жүргізген жағдайда, өтінішті осындай ұстаушы береді)

1) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акциялары немесе басқа да бағалы қағаздары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған

нарығында айналымға шығаруға жататын эмитент- ұйымның толық атауы: _____;

2) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға жататын, онымен байланысты акциялардың немесе басқа да бағалы қағаздардың соған қатысы

бар жер қойнауы учаскесін көрсету: _____;

3) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акциялары немесе басқа да бағалы қағаздары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған

нарығында айналымға шығаруға жататын эмитент- ұйымның жарғылық капиталының

мөлшері туралы мәліметтер: _____;

4) ұйымның бағалы қағаздары, оның ішінде туынды бағалы қағаздары, олардың базалық активтері немесе жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер

болып табылатын үлестік қатысудың басқа да нысандары туралы мәліметтер (түрі және

жалпы саны): _____;

5) андеррайтер туралы мәліметтер (болған жағдайда): _____;

6) листинг жүзеге асырылатын ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы туралы мәліметтер: _____;

7) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын және

ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға жататын акциялардың немесе басқа да бағалы қағаздардың саны туралы мәліметтер: _____.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Өтініште және өтінішке қоса берілетін құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дұрыс

екенін растаймын.

Өтініш беруші _____ (өтініш иесінің атынан өтінішке қол қойған тұлғаның

тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе),

жеке басын куәландыратын құжаты туралы мәліметтер).

Ескертпе: өтініш және оған қоса берілетін құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде

жасалады.

Өтінішке қоса берілетін барлық құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалуға

тиіс. Егер өтінішті шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға берсе, оған қоса берілетін құжаттар "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан

Республикасы Кодексінің 45-бабының 5-тармағына сәйкес әрбір құжатқа дұрыстығын

нотариус куәландырған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасы міндетті түрде


қоса беріле отырып, өзге тілде жасалуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Жер қойнауын пайдалану
құқығының және (немесе)
жер қойнауын пайдалану
құқығымен байланысты
объектілердің ауысуы"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидаларына
4-қосымша
Нысан

[УО-ның мемлекеттік тілдегі атауы]] УО деректемелері мемлекеттік тілде		[УО-ның орыс тілдегі атауы]] УО деректемелері орыс тілде
Мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тарту		
Нөмірі: [Н ө м і р і] Берілген күні: [Берілген күні]	[Өтініш берушінің атауы]	
[ҚО атауы], Сіздің [Өтінім күні] жылғы № [Өтінім нөмірі] өтінішіңізді қарастырып _____ [бас тарту себебі].		

[Қол қоюшының лауазымы]

[Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2021 жылғы 31 тамыздағы
№ 281 бұйрыққа
2- қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2020 жылғы 29 мамырдағы
№ 214 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Көмірсутектер мен уранды өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды жасасу (қол қою)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Көмірсутектер мен уранды өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды жасасу (қол қою)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Көмірсутектер мен уранды өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды жасасу (қол қою)" мемлекеттік қызметін көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жеке кабинет – әртүрлі мемлекеттік деректер базасынан жиналған пайдаланушы туралы дербес ақпараты бар "электрондық үкімет" веб-порталының бөлімі;

2) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті

атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

3) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар;

4) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

5) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) қағаз немесе электрондық түрде көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" веб-порталының ақпараттық жүйесі немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Көмірсутектер мен уранды өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды жасасу (қол қою)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 8-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды береді.

4. Көрсетілетін қызмет процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздерді, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын "электрондық үкімет" веб-порталы немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың Стандартында жазылған.

5. Осы Қағидалардың Стандартының 8-тармағында көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының құжаттары "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы келіп түскен күні оларды автоматты түрде қабылдау және көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигіне сәйкес тіркеу жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың Стандартының 8-тармағында көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының құжаттары көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы келіп түскен күні жұмыс графигіне сәйкес қабылдау және тіркеу жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге қабылдаған адамның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) көрсете отырып, тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) қосымшаларымен бірге өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

Құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде құрылымдық бөлімшенің басшысы көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын айқындайды.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы өтініш тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толық болуын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тартуды жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 2 (екі) жұмыс күні ішінде олардың "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) талаптарына сәйкес келуін қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелеріне қорытынды беру үшін сұрау жібереді.

7. Құрылымдық бөлімшелер сұрауды ұсынғаннан кейін 6 (алты) жұмыс күні ішінде қорытынды дайындайды және оларды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына ұсынады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 9 (тоғыз) жұмыс күні ішінде құрылымдық бөлімшелердің қорытындысын қарап, көмірсутектер және уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға дайындайды немесе осы Қағидалардың Стандартының 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім дайындайды.

9. Осы Қағидалардың Стандартының 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдаудың өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарламаны көрсетілетін

қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін жібереді.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-ның 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) көмірсутектер мен уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қол қою;

2) көмірсутектер мен уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қол қоюдан бас тарту.

10. Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы осы Қағидалардың 8-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа, уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қол қояды, одан кейін көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы оны көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы берген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушының әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы көрсетілетін қызметті алушыға белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға;

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес: мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды тұлға шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш иесіне ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Шағым ҚР ӘРПК-ның 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

12. Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы шағымды қарайтын басқа органға немесе ҚР ӘРПК-ның 100-бабының 6-тармағына сәйкес сотқа жүгінеді.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер мен
уранды өндіру бойынша жер
қойнауын пайдалануға арналған
келісімшарттарды жасасу
(қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
1-қосымша

"Көмірсутектер мен уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды жасасу (қол қою)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі.
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру электрондық (толық автоматтандырылған) / қағаз түрінде жүзеге асырылады
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	көрсетілетін қызметті беруші өтінішті тіркеген сәттен бастап – 20 (жиырма) жұмыс күні

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)/ қағаз түрінде
5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі	жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден уәжді бас тарту.
6. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет көрсету көрсетілетін қызметті алушыға тегін көрсетіледі.
7. Жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Өтінішті қабылдау және көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушының өтініші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс күні аяқталғаннан соң демалыс және мереке күндеріне сәйкес келсе, өтінішті қабылдау және көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).</p>
	<p>1) жер қойнауын пайдалануға арналған аукцион қорытындылары бойынша көмірсутектерді барлау және өндіруге арналған келісімшарт алу үшін: осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көмірсутектерді барлау және өндіру үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасуға (қол қоюға) өтініш;</p> <p>Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 233 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17140 болып тіркелген) көмірсутектерді барлау және өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген өз тарапынан қол қойылған көмірсутектерді барлау және өндіру үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт 3 (үш) данада; барлау кезеңінде жұмыстардың көлемін, сипаттамасын және орындау мерзімдерін қамтитын және барлау кезеңінде жер қойнауы учаскесіндегі жұмыстардың көлемі мен түрлері бойынша ең төменгі талаптарға сәйкес келетін, көмірсутектерді барлау және өндіру үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын жұмыстар бағдарламасы;</p> <p>көрсетілетін қызметті алушы көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы жер қойнауы учаскесін "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 110-бабына сәйкес белгілейтін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша ("электрондық үкімет" веб-порталы арқылы берген жағдайда электрондық көшірме);</p>

салыстырып тексеру үшін қол қойылатын бонустың төленгенін растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі және түпнұсқасы;

2) аукцион қорытындылары бойынша көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт алу үшін:
осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аукцион қорытындылары бойынша көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартты алу үшін өтініш;
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 233 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17140 болып тіркелген) көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшарттарға сәйкес әзірленген өз тарапынан қол қойылған көмірсутектерді өндіру үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт 3 (үш) данада;
көрсетілетін қызметті алушы көмірсутектерді өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы жер қойнауы учаскесін Кодекстің 110-бабына сәйкес белгілейтін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша;
қол қойылатын бонустың төленгенін растайтын төлем тапсырмасының түпнұсқасы;

3) тікелей келіссөздер хаттамасының қорытындысы бойынша көмірсутектерді барлау және өндіруге арналған келісімшарттар үшін:
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 233 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17140 болып тіркелген) көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген өз тарапынан қол қойылған көмірсутектерді барлау және өндіру үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт 3 (үш) данада;
барлау кезеңінде жұмыстардың көлемін, сипаттамасын және орындау мерзімдерін қамтитын және барлау кезеңінде жер қойнауы учаскесіндегі жұмыстардың көлемі мен түрлері бойынша ең төменгі талаптарға сәйкес келетін, көмірсутектерді барлау және өндіру үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын жұмыс бағдарламасы;
көрсетілетін қызметті алушы көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы жер қойнауы учаскесін Кодекстің 110-бабына сәйкес белгілейтін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша;
салыстырып тексеру үшін қол қойылатын бонустың төленгенін растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі және түпнұсқасы;

4) тікелей келіссөздер хаттамасының қорытындысы бойынша көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарттар алу үшін:
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 233 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17140 болып тіркелген) көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген өз тарапынан қол қойылған көмірсутектерді өндіру үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт 3 (үш) данада;
көрсетілетін қызметті алушы көмірсутектерді өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы жер қойнауы учаскесін Кодекстің 110-бабына сәйкес белгілейтін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша;
салыстырып тексеру үшін қол қойылатын бонустың төленгенін растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі және түпнұсқасы;

5) уран саласындағы тікелей келіссөздер хаттамасының қорытындылары

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

бойынша уран өндіруге арналған келісімшарт алу үшін: Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 233 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17140 болып тіркелген) уранды өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген өз тарапынан қол қойылған уранды өндіруге арналған келісімшарт 3 (үш) данада; салыстырып тексеру үшін қол қойылатын бонустың төленгенін растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі және түпнұсқасы;

б) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 233 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17140 болып тіркелген) көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа ауысу шартымен Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (бастапқы келісімшарт) бойынша көмірсутектерді барлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын немесе жүзеге асырған жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт алу үшін: осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартты алу үшін өтініш; Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 233 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17140 болып тіркелген) көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген өз тарапынан қол қойылған көмірсутектерді өндіру үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт 3 (үш) данада; жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған қорларды есептеу жөніндегі есеп;

7) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 233 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17140 болып тіркелген) көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшарттарға ауысу шартымен Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған өндіруге арналған келісімшарттар (қолданыстағы келісімшарт) бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт алу үшін: осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартты алу үшін өтініш; Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 233 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17140 болып тіркелген) көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген өз тарапынан қол қойылған көмірсутектерді өндіру үшін жер қойнауын пайдалануға арналған 3 (үш) данадағы келісімшарт; жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген оң қорытындыларды алған кен орнын игеру жобасы;



8) өндіру учаскесін және тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңін бекітіп беру кезінде уран өндіруге арналған келісімшартты алу үшін: осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндіру учаскесін және тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңін бекітіп беру туралы өтініш; Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 233 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17140 болып тіркелген) уранды өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген, өз тарапынан қол қойылған уранды өндіруге арналған келісімшарт 3 (үш) данада;

9) халықаралық шарттарға сәйкес көмірсутектерді барлауға арналған

	<p>келісімшартты алу үшін: осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көмірсутектерді барлауға арналған келісімшартты алу үшін өтініш; өз тарапынан қол қойылған көмірсутектерді барлауға арналған 3 (үш) дана дағы келісімшарт; көмірсутектерді барлауға арналған келісімшартқа оның ажырамас бөлігі ретінде қоса берілетін, тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша айқындалған барлау кезеңінде жұмыстардың көлемін, сипаттамасын және орындалу мерзімдерін қамтитын жұмыс бағдарламасы; салыстырып тексеру үшін қол қойылатын бонустың төленгенін растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі және түпнұсқасы. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы электрондық-цифрлық нысанда және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған қажетті құжаттарды береді. Жеке басты куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p>
<p>9. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызметтері туралы" Заңының 19-1-бабының 2-тармағына сәйкес, көрсетілетін қызмет беруші мынадай жағдайларда:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты осы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған жағдайда; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.
<p>10. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар; 2) мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 19, "А" блогы, телефон: 8 (7172) 78-68-01. 3) Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.gov.kz интернет-ресурста "Энергетика министрлігі" деген бөлімдегі "Көрсетілетін қызметтер" деген кіші бөлімде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер мен
уранды өндіру бойынша жер
қойнауын пайдалануға арналған
келісімшарттарды жасасу
(қол қою)" мемлекеттік

көрсетілетін қызмет
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

<p>[УО-ның мемлекеттік тілдегі атауы] УО деректемелері мемлекеттік тілде</p>		<p>[УО-ның орыс тілдегі атауы] УО деректемелері орыс тілде</p>
<p>Мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тарту</p>		
<p>Нөмірі: Берілген күні: [Берілген күні]</p>	<p>[Нөмірі]</p>	<p>[Өтініш берушінің атауы]</p>
<p>[ҚО атауы], Сіздің [Өтінім күні] жылғы № [Өтінім нөмірі] өтінішіңізді қарастырып _____ [бас тарту себебі].</p>		
<p>[Қол қоюшының лауазымы]</p>	<p>[Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)]</p>	
		
<p><small>Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.</small></p>		

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер
мен уранды өндіру бойынша
жер қойнауын пайдалануға
арналған келісімшарттарды
жасасу (қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Көмірсутектерді барлау және өндіру үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасуға (қол қоюға) өтініш

(көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

Осы өтінішпен, _____ (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын, ұялы байланыстың абоненттік нөмірін, электрондық пошта мекенжайын) көмірсутектерді барлау және өндіру бойынша келісімшарт жасасуды сұрайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

(қолы)

20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер мен уранды
өндіру бойынша жер қойнауын
пайдалануға арналған
келісімшарттарды жасасу
(қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Аукцион қорытындылары бойынша көмірсутектерді өндіру үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасуға (қол қоюға) өтініш

(көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

Осы өтінішпен, _____ (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын, ұялы байланыстың абоненттік нөмірін, электрондық пошта мекенжайын) Көмірсутектерді өндіру бойынша келісімшарт жасасуды сұрайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі: _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

_____ (ҚОЛЫ)

20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер мен уранды
өндіру бойынша жер қойнауын
пайдалануға арналған
келісімшарттарды жасасу
(қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Көмірсутектерді өндіру үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (бастапқы келісімшарт) жасасуға (қол қоюға) өтініш

_____ (көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

Осы өтінішпен көмірсутектерді _____ арналған _____ ЖЫЛҒЫ __ __ № _____ келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына ие _____ (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын) өндіру кезеңіне ауыстыруды сұрайды.

Өндіру учаскесі _____.

Дайындық кезеңінің (үш жылдан аспайтын) ұзақтығы _____.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі: _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

_____ (ҚОЛЫ)

20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің

"Көмірсутектер мен
уранды өндіру бойынша жер
қойнауын пайдалануға арналған
келісімшарттарды жасасу
(қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Көмірсутектерді өндіру үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (қолданыстағы келісімшарт) жасасуға (қол қоюға) өтініш

(көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

Осы өтінішпен көмірсутектерді _____ арналған _____ ЖЫЛҒЫ ____ № _____ келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына ие _____ (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын) көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген жаңа редакциядағы көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт жасасуды сұрайды.

Өндіру учаскесі _____.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі: _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ "

(ҚОЛЫ)

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер мен
уранды өндіру бойынша жер
қойнауын пайдалануға арналған
келісімшарттарды жасасу
(қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Өндіру учаскесін және уранды тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңін бекітіп беру үшін уран өндіруге арналған келісімшартты жасасуға (қол қоюға) өтініш

_____ (көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

Осы өтінішпен _____ (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын) уран өндіруге арналған келісімшарт жасасуды және _____ өндіру учаскесін бекітуді сұрайды.

Тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңінің ұзақтығы (4 (төрт) жылдан аспайтын) _____.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша қоса беріледі:

1) тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасына мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы _____;

2) қорлардың болуы туралы мәліметтер.

_____ тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

20__ жылғы "___" _____

_____ (ҚОЛЫ)

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер мен уранды
өндіру бойынша жер қойнауын
пайдалануға арналған
келісімшарттарды жасасу
(қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Көмірсутектерді барлау үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасасуға (қол қоюға) өтініш

_____ (көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

(өтініш берушінің атауы, орналасқан жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі туралы мәліметтер (сауда тізілімінен үзінді-көшірме немесе өтініш беруші шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да заңдастырылған құжат), өтініш берушіні тікелей немесе жанама бақылайтын

басшылар, заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар туралы мәліметтер, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі, электрондық пошта мекенжайы)

(ол соңғы үш жылда қызметін жүзеге асырған мемлекеттер тізімін қоса алғанда, өтініш берушінің бұған дейінгі қызметі туралы мәліметтер)

(өтініш беруші талаптанған жер қойнауы учаскесінің аумағы)

Көмірсутектерді барлауға арналған келісімшарт жасасуды сұрайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

_____ (ҚОЛЫ)

20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2021 жылғы 31 тамыздағы
№ 281 бұйрыққа
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2020 жылғы 29 мамырдағы
№ 214 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Көмірсутектер мен уранды өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға қосымша келісімдерді жасасу (қол қою)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Көмірсутектер мен уранды өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға қосымша келісімдерді жасасу (қол қою)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Көмірсутектер мен уранды өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға қосымша келісімдерді жасасу (қол қою)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жеке кабинет – әртүрлі мемлекеттік деректер базасынан жиналған пайдаланушы туралы дербес ақпараты бар "электрондық үкімет" веб-порталының бөлімі;

2) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

3) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар;

4) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

5) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) қағаз немесе электрондық түрде көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" веб-порталының ақпараттық жүйесі немесе көрсетілетін қызметті

берушінің кеңсесі арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Көмірсутектер және уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға қосымша келісімдер жасасу (қол қою)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 8-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды береді.

4. Көрсетілетін қызмет процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздерді, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын "электрондық үкімет" веб-порталы немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың Стандартында жазылған.

5. Осы Қағидалардың Стандарттың 8-тармағының 2) - 11) тармақшаларымен көзделген жағдайларда Келісімшартқа қосымша келісімге қол қойған кезде көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға Стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы ұсынады.

Осы Қағидалардың Стандартының 8-тармағында көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының құжаттары "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы келіп түскен күні оларды автоматты түрде қабылдау және көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигіне сәйкес тіркеу жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың Стандартының 8-тармағында көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының құжаттары көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы келіп түскен күні жұмыс графигіне сәйкес қабылдау және тіркеу жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге қабылдаған адамның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсете отырып, тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) қосымшаларымен бірге өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

Құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде құрылымдық бөлімшенің басшысы көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын айқындайды.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы өтініш тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толық болуын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тартуды жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 2 (екі) жұмыс күні ішінде олардың "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан

Республикасының Кодекс (бұдан әрі – Кодекс) талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды және қорытынды беру үшін көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелеріне сұрау салу жібереді.

7. Құрылымдық бөлімшелер сұрау салуды ұсынғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде қорытынды дайындайды және оларды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына ұсынады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 10 (он) жұмыс күні ішінде құрылымдық бөлімшелердің қорытындысын қарайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға көмірсутектер және уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша дайындайды немесе осы Қағидалардың Стандартының 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім дайындайды.

9. Осы Қағидалардың Стандартының 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдаудың өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін жібереді.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-ның 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісімге, уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісімге қол қою;

2) көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісімге, уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісімге қол қоюдан бас тарту.

10. Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы осы Қағидалардың 8-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде көмірсутектер мен уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымшаға қол қояды, одан кейін көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы оны өтініш берушіге "электрондық үкіметтің" веб-портал арқылы немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы берген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жібереді.

11. Жер қойнауын пайдалану құқығы мен жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің ауысуы кезінде келісімшартқа қосымша келісімге қол қою кезінде осы Қағидалардың Стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттар тіркелген кезден бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын айқындайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы осы Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттар орындауға келіп түскен күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде олардың толық болуын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде олардың Кодекс талаптарына сәйкестігін қарайды және қорытынды беру үшін көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелеріне сұрау салу жібереді.

12. Құрылымдық бөлімшелер сұрау салуды ұсынғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде қорытынды дайындайды және оларды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына ұсынады.

13. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде құрылымдық бөлімшелердің қорытындысын қарайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға көмірсутектер және уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша дайындайды немесе осы Қағидалардың Стандартының 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім дайындайды.

14. Осы Қағидалардың Стандартының 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ҚР ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдау өткізілетін уақыт пен орын туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім жіберіледі.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-ның 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісімге, уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісімге қол қою;

2) көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісімге, уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісімге қол қоюдан бас тарту.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы осы Қағидалардың 13-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде көмірсутектер мен уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымшаға қол қояды, одан кейін көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы берген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жібереді.

16. Жер қойнауы учаскесін бөлу кезінде келісімшартқа қосымша келісімге қол қою кезінде осы Қағидалардың Стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттар тіркелген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын айқындайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы осы Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттар орындауға келіп түскен күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде олардың толық болуын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тартуды жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде олардың Кодекс талаптарына сәйкестігін қарайды және қорытынды беру үшін көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелеріне сұрау салу жібереді.

17. Құрылымдық бөлімшелер көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысынан сұрау салуды ұсынғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде қорытынды дайындайды және оларды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына ұсынады.

18. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 5 (бес) жұмыс күні ішінде құрылымдық бөлімшелердің қорытындысын қарайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға көмірсутектер және уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісім дайындайды немесе осы Қағидалардың Стандартының 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім дайындайды.

19. Осы Қағидалардың Стандартының 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда

көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдаудың өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін жібереді.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-ның 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісімге, уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісімге қол қою;

2) көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісімге, уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісімге қол қоюдан бас тарту.

20. Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы осы Қағидалардың 18-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде көмірсутектер мен уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымшаға қол қояды, одан кейін көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы оны "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы берген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

21. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушының әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірмей:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға;

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш иесіне ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Шағым ҚР ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

22. Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы шағымды қарайтын басқа органға немесе ҚР ӘРПК 100-бабының 6-тармағына сәйкес сотқа жүгінеді.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер мен уранды
өндіру бойынша жер қойнауын
пайдалануға арналған
келісімшарттарға қосымша
келісімдерді жасасу
(қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

"Көмірсутектер мен уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға қосымша келісімдерді жасасу (қол қою)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру электрондық (толық автоматтандырылған) / қағаз түрінде
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті тіркеген сәттен бастап: көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер өзгерген кезінде, өндіру учаскесін және дайындық кезеңін бекітіп беру кезінде, учаскені және өндіру кезеңін немесе өндіру кезеңін бекітіп беру кезінде, барлау кезеңін ұзарту кезінде, өндіру кезеңін ұзарту кезінде, уран өндіруді ұзарту кезінде, учаскені ұлғайту кезінде, уран учаскесін ұлғайту кезінде, жер қойнауы учаскесін азайту кезінде, өндіру кезеңіне ауысу кезінде келісімшартқа қосымша келісімге қол қою кезінде – 20 (жиырма) жұмыс күні. жер қойнауын пайдалану құқығы мен жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес ауысқан кезде келісімшартқа қосымша келісімге қол қою кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні. жер қойнауы учаскесін бөлу кезінде келісімшартқа қосымша келісімге қол қою кезінде – 10 (он) жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)/ қағаз түрінде
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісім не мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыға тегін көрсетіледі.
7.	Жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Өтінішті қабылдау және көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесін беру графигі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты

аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін "электрондық үкіметтің" веб-порталы немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жер қойнауын пайдалану құқығы мен жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес ауысқан кезде келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы туралы өтініш;

көрсетілетін қызметті алушы қол қойған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыру 3 (үш) дана;

салыстырып тексеру үшін жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алған кезде негіздеме болатын құжаттың көшірмесі және түпнұсқасы;

салыстырып тексеру үшін жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) сатып алушы туралы мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері және түпнұсқалары;

сатып алушының Кодекстің талаптарына сәйкес келуін растайтын құжаттар;

егер жер қойнауын пайдалану құқығына (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесіне) кепілмен ауыртпалық салынса (ауыртпалық салынса), кепіл ұстаушының жазбаша келісімі;

жер қойнауын пайдалану құқығының барлық бірлескен иеленушілерінің жазбаша келісімі;

Кодекстің 45-бабының және 277-бабы 14-тармағының талаптары негізінде қолданылатын өтініштерді қарау кезінде ұсынымдар әзірлеу мақсатында көрсетілетін қызметті берушінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының (бұдан әрі – сараптама комиссия) ұсынымдары негізінде берілген көрсетілетін қызметті берушінің оң шешімі;

2) көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер өзгерген кезде келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерді өзгертуге арналған өтініш;

көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерге өзгерістер енгізу қажеттілігін растайтын құжаттар;

көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерге өзгерістер енгізуді көздейтін көрсетілетін қызметті алушы қол қойған келісімшартқа толықтыру 3 (үш) данада;

салыстырып тексеру үшін көрсетілетін қызметті алушының өтінішке қол қою өкілеттігін куәландыратын құжаттардың көшірмелері және түпнұсқалары;

3) өндіру учаскесін (учаскелерін) және дайындық кезеңін бекітіп беру кезінде келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндіру учаскесін және дайындық кезеңін (дайындық кезеңдерін) бекітіп беру туралы өтініш;

дайындық кезеңін (дайындық кезеңдерін) бекітіп беруді көздейтін және Кодекстің 110-бабына сәйкес өндіру учаскесін (учаскелерін) белгілейтін келісімшартқа қосымшаны қамтитын, көрсетілетін қызметті алушы қол қойған келісімшартқа толықтыру 3 (үш) данада;

көрсетілетін қызметті алушы бекіткен және жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған геологиялық қорларды есептеу жөніндегі есеп;

сараптама комиссиясының ұсынымдары негізінде берілген көрсетілетін қызметті берушінің оң шешімінің көшірмесі;

4) өндіру учаскесі мен кезеңін немесе өндіру кезеңін бекітіп беру кезінде келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндіру учаскесін (учаскелерін) және кезеңін (кезеңдерін) немесе өндіру кезеңін (кезеңдерін) бекітіп беру туралы өтініш; Кодекстің 119-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, өндіру учаскесін (учаскелерін) және кезеңін (кезеңдерін) немесе өндіру кезеңін (кезеңдерін) бекітіп беруді көздейтін келісімшартқа көрсетілетін қызметті алушы қол қойған толықтыру. Бұл ретте өндіру учаскесін (учаскелерін) бекіту мақсатында келісімшартқа толықтыру Кодекстің 110-бабына сәйкес өндіру учаскесін (учаскелерін) белгілейтін келісімшартқа толықтыруды 3 (үш) данада қамтуға тиіс; көрсетілетін қызметті алушы бекіткен және жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған геологиялық қорларды есептеу жөніндегі есеп; көрсетілетін қызметті алушы бекіткен және Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген оң қорытындыларды алған кен орыны игеру жобасы; сараптама комиссиясының ұсынымдары негізінде берілген көрсетілетін қызметті берушінің оң шешімінің көшірмесі;

5) барлау кезеңін ұзарту кезінде келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша барлау кезеңін ұзартуға байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізуге өтініш; көрсетілетін қызметті алушы бекіткен және барлау кезеңі ұзартылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы тиісті жер қойнауы учаскесінде орындауға міндеттенетін қосымша жұмыстардың көлемі, сипаттамасы және орындау мерзімдері қамтылған қосымша жұмыстардың қол қойылған бағдарламасы; көрсетілетін қызметті алушы қол қойған келісімшартқа толықтыру 3 (үш) данада, онда мыналар қамтылады: Кодекстің 117-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларда – барлау учаскесінің (учаскелерінің) шекараларын тереңдігі бойынша белгілеуді қоса алғанда, шеңберінде табылған кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) болжанатын контурлары жатқан блоктардан тұратын барлау учаскесін (учаскелерін) осы Кодекстің 110-бабына сәйкес белгілейтін келісімшартқа қосымша; осы тармақшаның үшінші абзацында көрсетілген және келісімшартқа оның ажырамас бөлігі ретінде қоса берілетін қосымша жұмыстар бағдарламасын орындау жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының міндеті; Кодекстің 117-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда – табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) бағалау бойынша жұмыстарды көздейтін, жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған барлау жұмыстарының жобасына толықтыру; Кодекстің 117-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда – көрсетілетін қызметті алушы бекіткен және Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған сынамалы пайдалану жобасы; сараптама комиссиясының ұсынымдары негізінде берілген көрсетілетін қызметті берушінің оң шешімінің көшірмесі;

6) өндіру кезеңін ұзарту кезінде келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндіру кезеңін ұзартуға байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізуге өтініш;

8. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

келісімшартқа көрсетілетін қызметті алушы қол қойған өндіру кезеңін ұзартуды көздейтін толықтыру 3 (үш) данада, онда мыналар қамтылады: көрсетілетін қызметті алушы бекіткен және өндіру кезеңі ұзартылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы жер қойнауы учаскесінде орындауға міндеттенетін жұмыстардың көлемін, сипаттамасы мен орындалу мерзімдерін қамтитын жұмыс б а ғ д а р л а м а с ы ;

көрсетілетін қызметті алушы бекіткен және Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған, өндіру кезеңін ұзартудың сұратылып отырған мерзімі ішінде кен орнын игеруді көздейтін кен орнын игеру жобасы; сараптама комиссиясының ұсынымдары негізінде берілген көрсетілетін қызметті берушінің оң шешімінің көшірмесі; 7) уран өндіру кезеңін ұзарту кезінде келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уран өндіру кезеңін ұзартуға байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізуге өтініш; жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған, өндіру кезеңін ұзартудың сұратылып отырған мерзімі ішінде кен орнын игеруді көздейтін уран кен орнын игеру жобасы; Егер келісімшарт өндіру кезеңін ұзарту туралы өтініш берілген күні көрсетілетін қызметті беруші бекітетін, өтініш берілген күнге қолданыста болатын уран өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келген жағдайда, өндіру кезеңін ұзартқан кезде жер қойнауын пайдаланушы мен көрсетілетін қызметті берушінің арасында ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде уран өндіруге арналған келісімшартқа өндіру кезеңін ұзартуды көздейтін толықтыру ж а с а л а д ы .

Егер келісімшарт өндіру кезеңін ұзарту туралы өтініш берілген күні көрсетілетін қызметті берушінің бекітетін, өтініш берілген күнге қолданыста болатын уран өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келмеген жағдайда, өндіру кезеңін ұзартқан кезде жер қойнауын пайдаланушы мен көрсетілетін қызметті берушінің арасында ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап екі ай ішінде Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 233 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17140 болып тіркелген) уран өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген, жаңа редакциядағы уран өндіруге арналған келісімшарт 3 (үш) данада ж а с а л а д ы ;

сараптама комиссиясының ұсынымдары негізінде берілген көрсетілетін қызметті берушінің оң шешімінің көшірмесі; 8) жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) ұлғайтуға байланысты келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) ұлғаюына немесе азаюына байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізуге өтініш; көрсетілетін қызметті алушы қол қойған, Кодекстің 110-бабына сәйкес ұлғайтылған жер қойнауы (учаскелерін) немесе көрсетілетін қызметті алушының 113-баптың 3-тармағында көрсетілген және келісімшартқа оның ажырамас бөлігі ретінде қоса берілетін қосымша жұмыстар бағдарламасын орындау жөніндегі міндетін белгілейтін келісімшартқа қосымшаны қамтитын келісімшартқа т о л ы қ т ы р у 3 (ү ш) д а н а д а ; жер қойнауы учаскесі ұлғайған кезде көрсетілетін қызметті алушы бекіткен және көрсетілетін қызметті алушы жер қойнауын пайдалану құқығын алған кезде белгіленген барлау кезеңінде жер қойнауы учаскесіндегі жұмыстардың көлемі мен түрлері бойынша ең төмен талаптарға пропорционалды түрде сәйкес келетін,

сұратылған жер қойнауы учаскесінде көрсетілетін қызметті алушы орындауға міндеттенетін жұмыстардың көлемін, сипаттамасы мен мерзімдерін қамтитын қосымша жұмыстар бағдарламасы; сараптама комиссиясының ұсынымдары негізінде берілген көрсетілетін қызметті берушінің оң шешімінің көшірмесі;

9) жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) ұлғайтуға байланысты уран өндіруге арналған келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) ұлғаюына немесе азаюына байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізуге өтініш; жер қойнауы учаскесін ұлғайтуды көздейтін, жер қойнауын пайдаланушы қол қойған келісімшартқа толықтыру 3 (үш) данада; сұралып отырған учаскеге қорлар бойынша құзыретті тұлғаның есебі; Кодекстің 45-бабы және 277-бабының 14-тармағы талаптары негізінде берілген көрсетілетін қызметті беруші оң шешімінің көшірмесі;

10) жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) азайтуға байланысты келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) азаюына байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізуге өтініш; көрсетілетін қызметті алушы қол қойған, Кодекстің 110-бабына сәйкес азайтылған жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) белгілейтін келісімшартқа қосымшаны қамтитын және Кодекстің 114-бабында көрсетілген келісімшартқа оның ажырамас бөлігі ретінде қоса берілетін келісімшартқа толықтыру 3 (үш) данада;

қайтарылатын жер қойнауы учаскесінде (учаскелерінде) жер қойнауын пайдалану салдарларын жою актісінің көшірмесі; Кодекстің 45-бабы және 277-бабының 14-тармағы талаптары негізінде берілген көрсетілетін қызметті беруші оң шешімінің көшірмесі;

11) жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) азайтуға байланысты уран өндіру жөніндегі келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) азаюына байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізуге өтініш; қайтарылатын жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану салдарларын жою актісінің көшірмесі; көрсетілетін қызметті алушы қол қойған, жер қойнауы учаскесін азайтуды көздейтін келісімшартқа толықтыру 3 (үш) данада; Кодекстің 45-бабы және 277-бабының 14-тармағы талаптары негізінде берілген көрсетілетін қызметті беруші оң шешімінің көшірмесі;

12) жер қойнауы учаскесін бөлу кезінде келісімшартқа қосымша келісім алу үшін:

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауы учаскесін бөлу туралы өтініш; Кодекстің 110-бабына сәйкес азайтылған негізгі жер қойнауы учаскесін, сондай-ақ Кодекстің 115-бабында көрсетілген мәліметтерді белгілейтін, келісімшартқа қосымшаны қамтитын, көрсетілетін қызметті алушы қол қойған келісімшартқа толықтыру 3 (үш) данада;

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 233 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17140 болып тіркелген) бекітілген үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген, көрсетілетін қызметті алушы қол қойған көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт 3 (үш) данада; сараптама комиссиясының ұсынымдары негізінде берілген көрсетілетін қызметті

	<p>берушінің он шешімінің көшірмесі. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы электрондық-цифрлық нысанда және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған қажетті құжаттарды береді. Жеке басты куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p>
<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>1) жер қойнауын пайдалану құқығы мен жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес ауысқан кезде келісімшартқа қосымша келісім үшін: өтініштің Кодекстің 40-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі; егер мұндай ауысу осындай рұқсатқа сәйкес жүзеге асырылса, жер қойнауын пайдалану құқығының ауысу шарттарының берілген рұқсатқа сәйкес келмеуі; мұндай рұқсат Кодекске сәйкес талап етілген кезде жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуына рұқсаттың болмауы; егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы көрсетілетін қызметті алушыға қолданылған әкімшілік жазаға сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды немесе жекелеген жұмыс түрлерін жүргізуге тыйым салынған жер қойнауы учаскесі бойынша жүзеге асырылса; егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуына Кодекспен тыйым салынса; егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттардың ережелерін бұзуға әкеп соқса;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер өзгерген кезде келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: егер өтініш Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;</p> <p>3) өндіру учаскесін (учаскелерін) және дайындық кезеңін (дайындық кезеңдерін) бекітіп беру кезінде келісімшартқа қосымша келісім үшін): көрсетілетін қызметті берушінің хабарламасында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметті алушы жоймаған міндеттемелерді бұзушылықтарының болуы; егер өтініш Кодекстің 118-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;</p> <p>4) өндіру учаскесін (учаскелерін) және өндіру кезеңін (кезеңдерін) бекітіп беру кезінде келісімшартқа қосымша келісім үшін: көрсетілетін қызметті берушінің хабарламасында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметті алушы жоймаған міндеттемелерді бұзушылықтарының болуы; егер өтініш Кодекстің 119-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;</p> <p>5) барлау кезеңін (кезеңдерін) ұзарту кезінде келісімшартқа қосымша келісім үшін : Кодекстің 117-бабының 1 – 3-тармақтарында көзделген барлау кезеңін ұзарту үшін негіздердің болмауы; көрсетілетін қызметті берушінің хабарламасында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметті алушы жоймаған міндеттемелерді бұзушылықтарының болуы; егер өтініш Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;</p> <p>6) өндіру кезеңін ұзарту кезінде келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: егер өтініш Кодекстің 120-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімнен кеш берілсе ; егер кен орнын игеру жобасында өндіру мерзімін ұзарту үшін өтініште сұратылғаннан аз игеру мерзімі көзделсе; көрсетілетін қызметті берушінің өндіру кезеңін ұзарту ниеті болмаған кезде,</p>

	<p>оның ішінде Кодекстің 119-бабының 7-тармағында көзделгендерді қоса алғанда, қосылған құны жоғары (қайта жасалуы және қайта өңделуі анағұрлым жоғары) өнім өндіруді көздейтін индустриялық-инновациялық жобаны не өзге де инвестициялық міндеттемелерді іске асыру бойынша көрсетілетін қызметті алушымен міндеттемені қабылдау бойынша келісімге қол жеткізілмеген жағдайда;</p> <p>егер өтініш Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;</p> <p>7) уран өндіру кезеңін ұзарту кезінде келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: егер өтініш Кодекстің 173-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімнен кеш берілсе;</p> <p>егер өтініш Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;</p> <p>егер кен орнын игеру жобасы өтініште сұралғаннан аз мерзім ішінде кен орнын игеруді көздейтін болса;</p> <p>көрсетілетін қызметті берушінің хабарламасында көрсетілген уран өндіруге арналған келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушы жоймаған міндеттемелерді бұзушылықтар болған кезде;</p> <p>көрсетілетін қызметті берушінің уран өндіру кезеңін ұзарту ниеті болмаған кезде;</p> <p>8) жер қойнауы учаскесі (учаскелері) ұлғайған кезде келісімшартқа қосымша келісім үшін: Кодекстің 113-бабының 1-тармағында белгіленген шарттарды сақтамау;</p> <p>егер өтініш Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;</p> <p>9) жер қойнауы учаскесі ұлғайған кезде уран өндіруге арналған келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: егер өтініш осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;</p> <p>Кодекстің 169-бабының 1-тармағында белгіленген шарттарды сақтамау;</p> <p>10) жер қойнауы учаскесі азайған кезде келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: егер өтініш Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;</p> <p>Кодекстің 114-бабының 1-тармағында белгіленген шарттарды сақтамау;</p> <p>11) жер қойнауы учаскесі азайған кезде уран өндіру жөніндегі келісімшартқа қосымша келісім алу үшін: егер өтініш Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;</p> <p>Кодекстің 170-бабының 1-тармағында белгіленген шарттарды сақтамау;</p> <p>12) жер қойнауы учаскесін бөлу кезінде келісімшартқа қосымша келісім алу үшін:</p> <p>Кодекстің 115-бабында белгіленген шарттар сақталмаса;</p> <p>егер өтініш Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе.</p>
<p>10 Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар;</p> <p>2) мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 19, "А" блогы, телефон: 8 (7172) 7 8 - 6 8 - 0 1 .</p> <p>3) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.gov.kz интернет-ресурсының "Энергетика министрлігі" деген бөлімдегі "Көрсетілетін қызметтер" деген кіші бөлімде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірінғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777.</p>

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер мен уранды
өндіру бойынша жер қойнауын
пайдалануға арналған

келісімшарттарға қосымша
келісімдерді жасасу
(қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

<p>[УО-ның мемлекеттік тілдегі атауы] УО деректемелері мемлекеттік тілде</p>		<p>[УО-ның орыс тілдегі атауы]] УО деректемелері орыс тілде</p>
<p>Мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тарту</p>		
<p>Н ө м і р і : Берілген күні: [Берілген күні]</p>	<p>[Н ө м і р і] [Өтініш берушінің атауы]</p>	
<p>[ҚО атауы], Сіздің [Өтінім күні] жылғы № [Өтінім нөмірі] өтінішіңізді қарастырып _____ [бас тарту себебі].</p>		
<p>[Қол қоюшының лауазымы]</p>	<p>[Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)]</p>	
 <p>Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.</p>		

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер мен уранды
өндіру бойынша жер қойнауын
пайдалануға арналған
келісімшарттарға қосымша
келісімдерді жасасу
(қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы туралы өтініш

_____ (көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

Осы өтінішпен _____ (көмірсутектерді барлау мен өндіруге немесе көмірсутектерді өндіруге не уран өндіруге арналған келісімшарттың нөмірі мен тіркелген күні) келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығының иесі _____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) /заңды тұлғаның атауы) және жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алушы (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) _____ (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе, заңды тұлғаның атауы, тұрғылықты жері/ орналасқан жері, жұмыс орны, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі, электрондық пошта мекенжайы), _____ (көмірсутектерді барлау мен өндіруге немесе көмірсутектерді өндіруге не уран өндіруге арналған келісімшарттың нөмірі мен тіркелген күні) келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметті алушының атауы) жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) _____ (өндіру учаскесін (учаскелерін) көрсету) және дайындық кезеңінің (дайындық кезеңдерінің ұзақтығын көрсету) ауысуына байланысты келісімшартқа (келісімшарттың нөмірі мен тіркелген күні) өзгеріс енгізуді сұрайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймыз.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі:

_____ (келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы) 20__ ж. " ____ " _____ және _____

(жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) сатып алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)) 20__ ж. " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер мен уранды
өндіру бойынша жер қойнауын

пайдалануға арналған
келісімшарттарға қосымша
келісімдерді жасасу
(қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерді өзгертуге арналған өтініш

(көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

Осы өтінішпен _____ (келісімшарттың нөмірі мен тіркелген күні)
Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына ие _____ (жеке
тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын көрсету
) жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшартқа мынадай өзгерістер:

_____ (көрсетілетін қызметті алушы туралы өзгертілетін
мәліметтерді көрсету) енгізуді сұрайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-
тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы
хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-
бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған,
заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

20__ ж. " __ " _____

(ҚОЛЫ)

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер мен уранды
өндіру бойынша жер қойнауын
пайдалануға арналған
келісімшарттарға қосымша
келісімдерді жасасу
(қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Өндіру учаскесін және дайындық кезеңін (дайындық кезеңдерін) бекітіп беру туралы өтініш

(көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

Осы өтінішпен _____ (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын көрсету) _____ келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығының иесі (көмірсутектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың нөмірі мен тіркелген күні) ұзақтығы ____ ж. _____ өндіру учаскесін (учаскелерін) және кезеңін (кезеңдерін) немесе өндіру кезеңін (кезеңдерін) бекітіп беруге рұқсат беруді сұрайды (өндіру учаскесін (учаскелерін) және дайындық кезеңін (кезеңдерін) көрсету).

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі: _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

20__ ж. " __ " _____

_____ (ҚОЛЫ)

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер мен уранды
өндіру бойынша жер қойнауын
пайдалануға арналған
келісімшарттарға қосымша
келісімдерді жасасу
(қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Өндіру учаскесін (учаскелерін) және кезеңін (кезеңдерін) немесе өндіру кезеңін (кезеңдерін) бекітіп беру туралы өтініш

_____ (көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

Осы өтінішпен _____ (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын көрсету) _____ келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленуші (көмірсутектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың нөмірі мен тіркелген күні) ұзақтығы ____ ж. _____ өндіру учаскесін (учаскелерін) және кезеңін (кезеңдерін) немесе өндіру кезеңін (кезеңдерін)

бекітіп беруге рұқсат беруді сұрайды (өндіру учаскесін (учаскелерін) және дайындық кезеңін (кезеңдерін) көрсету).

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

20__ жылғы " __ " _____

(ҚОЛЫ)

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер мен уранды
өндіру бойынша жер қойнауын
пайдалануға арналған
келісімшарттарға қосымша
келісімдерді жасасу
(қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Барлау кезеңін ұзартуға байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізуге өтініш

(көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

Осы өтінішпен _____ (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын көрсету) _____ келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленуші (көмірсутектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың тіркелген күні мен нөмірі) _____ учаскесі бойынша (барлау кезеңін ұзарту сұралатын жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) көрсету (тиісті жобалау құжаттары негізінде айқындалған барлау кезеңін ұзартудың сұралатын мерзімі) _____ негізінде - (барлау мерзімін ұзарту негіздері) ұзақтығы _____ ж. барлау мерзімін ұзартуды сұрайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

20__ жылы " __ " _____

(ҚОЛЫ)

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер мен уранды
өндіру бойынша жер қойнауын
пайдалануға арналған
келісімшарттарға қосымша
келісімдерді жасасу
(қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Өндіру кезеңін ұзартуға байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізуге өтініш

(көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

Осы өтінішпен _____ (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын көрсету) _____ келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленуші (көмірсутектерді өндіруге/ уранды өндіруге арналған келісімшарттың тіркелген күні мен нөмірі) _____ учаскесі бойынша көмірсутектерді өндіру/уранды өндіру мерзімін (өндіру кезеңін ұзарту сұралатын жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) көрсету) ұзақтығы _____ ж. (тиісті жобалау құжаттары негізінде айқындалған өндіру кезеңін ұзартудың сұралатын мерзімі немесе өндіру кезеңін ұзартудың сұралатын мерзімі) ұзартуды сұрайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

(ҚОЛЫ)

20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер мен уранды
өндіру бойынша жер қойнауын
пайдалануға арналған
келісімшарттарға қосымша
келісімдерді жасасу
(қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
9-қосымша
Нысан

Жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) ұлғайтуға немесе азайтуға байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізуге арналған өтініш

(көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

Осы өтінішпен _____ (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын көрсету) _____ келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленуші (көмірсутектерді барлау мен өндіруге/ көмірсутектерді өндіруге/уранды өндіруге арналған келісімшарттың нөмірі мен тіркелген күні) _____ жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) (жер қойнауының бастапқы учаскесін ұлғайту болжанатын, сұралатын жер қойнауы учаскесін/ көрсетілетін қызметті алушыда қалатын жер қойнауы учаскесін (учаскелерін)) көрсету) ұлғайтуды немесе азайтуды сұрайды.

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) көрсетілетін қызметті алушының атауы) мына _____ жер қойнауы учаскесін (мемлекетке қайтару көзделетін жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) көрсету) қайтарады.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____

(ҚОЛЫ)

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігінің
"Көмірсутектер мен уранды
өндіру бойынша жер қойнауын
пайдалануға арналған
келісімшарттарға қосымша
келісімдерді жасасу
(қол қою)" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
10-қосымша
Нысан

**Өндіру учаскесін (учаскелерін) және кезеңін (кезеңдерін) немесе өндіру кезеңін (кезеңдерін)
бөліп беруге байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер
енгізуге өтініш**

(көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

Осы өтінішпен _____ (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса)/ заңды тұлғаның атауын көрсету) _____ келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленуші (көмірсутектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың нөмірі мен тіркелген күні) _____ жер қойнауы учаскесін (жер қойнауын пайдалануға арналған жеке келісімшартты бөліп беруді көздейтін жер қойнауы учаскесін (оның бөліктерін) көрсету) бөліп беруді сұрайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

(қолы)

20__ жылғы " __ " _____